<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p>Гигиеналық дағдылар  Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.  Екі қоян отырып,  Сыр айтады жасырын.  Сұр қасқырдың тәбетін,  Берсе бізге асырып.  Тәбетін біз қайтеміз,  Тісін берсін қасқырдың.  (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p>			
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық</b></p>	<p>«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.  "Күй күмбірі": "Көктөбе" (орындаған Қаршыға Ахмедияров) <a href="https://kitap.kz/music/2/qarshyha-axmediyarov-kujler-im">https://kitap.kz/music/2/qarshyha-axmediyarov-kujler-im</a>  «Өнегелі»: Туған өлке және дәстүрлер. Тақырыбы: «Менің туған өлкем». Мақсаты: өз өлкесіне, оның дәстүрлері мен мәдениетіне деген қызығушылықты ояту.</p>			
<p><b>"Туған тілім - тұғырым" атты салтанатты жиын ұйымдастыру.</b>  (қарым-қатынас іс-әрекеті)  <b>"Кім көп атайды?"</b>  дидактикалық ойыны.  <b>Мақсат-міндеттері.</b>  Қаланың көрнекті жерлеріне мағынасы жағынан сәйкес сөздерді таңдау қабілетін дамыту.  Барысы: Астана - мемлекетіміздің астанасы.  Біздің Астанамыз әдемі,</p>	<p><b>"Өз үйіңді тап"</b> дидактикалық ойыны.  <b>Мақсат-міндеттері.</b> Өз қаласы туралы, ондағы үйдің орны, әртүрлі ғимараттар туралы білімді қалыптастыру; балалардың зейінділігін, байқағыштығын, бірнеше адамның арасынан өз үйін таба білу қабілетін дамыту; балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу қабілеті; балалардың туған жеріне қызығу</p>	<p><b>"Мен кімін? Бұл кім?" жаттығуы.</b> (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)  <b>Мақсат-міндеттері.</b>  "Мен" бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету; ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге ынталандыру.  Балаға өзі бала деп</p>	<p><b>"Суретті құрастыр"</b>  дидактикалық ойыны.  <b>Мақсат-міндеттері.</b>  Балалардың туған жер туралы білімдерін бекіту, Отансүйгіштікке тәрбиелеу.  <b>Барысы:</b> педагог балалармен бірге қаланың көрікті жерлерін бейнелейтін суреттерді қарайды. Ойын ережелерін түсіндіре отырып, педагог бүкіл суретті бөлек бөліктерден қалай құрастыруға болатыны</p>	<p><b>Шаттық шеңбері</b>  <b>Мақсат-міндеттері.</b>  Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.  Күн шуағын жинаймын.  Достарыма сыйлаймын.  Күн жылуын аямасын,  Шуағымен аяласын.  Достық деген бәйтеректі</p>

	үлкен қала. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	шылығын арттыру. <b>Барысы:</b> балаларға бірнеше ғимараттан тұратын суреттер ұсынылады, олар өз үйлерін тауып, жауап іздеуі керек. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	айтқызу. Атын, жасын айтқызу. Ойыншығын көрсеткізу, атату.Жанындағы баланың атын, онымен ойнайтынын айтқызу.	туралы бұрыннан белгілі ережені еске түсіреді. Ойыншылардың санына сәйкес суреттерді таратады. Педагог балаларға "Бастаймыз!" белгісін береді. Балаларды ойынға дайындайды. Балалар бөліктерден сурет құрастырады. Кім суретті бірінші құрайды, сол балаларға таңбалауыштар таратылады. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Барлық бала саяласын. (тіл дамыту және көркем әдебиет)
<b>Кестеге сәйкес ҰІӘ</b>	<b>Дене тәрбиесі</b> "Тақтайдың үстімен бірге жүрейік". <b>Мақсат-міндеттері.</b> Балаларды музыка әуені мен бірінің артынан бірі шеңбер жасап жүру, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүру және жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуені мен жүгіру, жүгіріп келе жатып, жай жүріске түсу және аяқтың ұшымен денелерін тік ұстап жүру іскерліктерін жетілдіру; биік қиғаш тақтайдың	<b>Дене тәрбиесі</b> "Күн дидарлы Қазақстан". <b>Мақсат-міндеттері.</b> Балаларды сап түзеп, бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөренемен жүру және допты лақтыру, ұтып алу дағдысына үйрету; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру.	<b>Музыка</b> "Ата Заңым ардақты". <b>Мақсат-міндеттері.</b> Балалардың әнді тыңдауға қызығушылықтарын арттыру; жәй және көңілді әндерді тыңдай білуге жаттықтыру; музыкалық ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен хорда ән айтуға дағдыландыру; дауыстың жоғары және төмен ырғақтарын ажырата білу қабілетін қалыптас	<b>Дене тәрбиесі</b> "Күндей сары дөңгелек". <b>Мақсат-міндеттері.</b> Балаларды музыка әуені мен бірінің артынан бірі шеңбер жасап жүру, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүру және жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуені мен жүгіру, жүгіріп келе жатып, жай жүріске түсу және аяқтың ұшымен денелерін тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту; бөренемен жүру, допты лақтыру іскерліктерін	<b>Қазақ тілі</b> "Ойыншықтарым көп менің, бәрін жақсы көремін!" <b>Мақсат-міндеттері.</b> Қазақ тілін тыңдап, түсінуді үйрету, ойыншықтарды атауға, ересек адамдардың өтінішіне жауап беру, өз өтініш білдіруге сұрақтарға жауап беруді; сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету. "Қораптың ішінде не бар?" дидактикалық ойыны. "Бізбен бірге ойнаңдаршы" сергіту сәті. "Не алып келдің?" жаттығуы.

	үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу техникаларын бекіту.		тыру; Қазақстан туралы ұғымдарын кеңейту.	қайталау.	"Мә, ... ала ғой" жаттығуы.
	<p><b>"Үйді салайық" ойын-жаттығуы (құрастыру) Мақсат-міндеттері.</b></p> <p>Құрастырылатын құрылысты қарапайым суреттегі үлгісіне қарап және өз өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.</p>	<p><b>Тіл дамытудан ойын-жаттығулар.</b></p> <p><b>"Қазақстан туралы әңгімелесу".</b></p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b></p> <p>Балаларға Қазақстан Республикасының Әнұраны, Елтаңбасы және Туы және Қазақстан туралы негізгі ұғымдар беру; Қазақстан туралы қарапайым тақпақты жаттатып үйрету.</p>	<p><b>Математика негіздерінен ойын-жаттығулар.</b></p> <p><b>"Жасасын Қазақстан!" Мақсат-міндеттері.</b></p> <p>Балалардың "көп", "біреу", "бір-бірден", "сол қол", "оң қол" ұғымдарын ажырату дағдыларын жетілдіру; бір қасиетті негізге ала отырып, қасиеттері бөлек заттарды екі қолға бөліп ұстау арқылы оң және сол жақты ажыратуды үйрету; зейінді, ақыл-ойды, өзін-өзі бағдарлау, есте сақтау, қабылдау қабілеттерін дамыту.</p>	<p><b>Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар</b></p> <p>"Ақ көгершін"</p> <p><b>Мақсат-міндеттер.</b></p> <p>Балаларды ақ көгершіннің сыртқы келбетімен таныстыру; ақ көгершінді тануға, білуге деген құштарлығын қалыптастыру; ақ көгершін жайлы білімдерін кеңейту; Қазақстанның Ата заңы туралы түсінік беру. Балаларды ақ көгершін мен таныстыруда көркем сөздер арқылы ойлау қабілеті мен тілін, есте сақтау қабілеті мен зейінін және құштарлығын дамыту.</p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығулар.</b></p> <p><b>"Жалауша".</b></p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b></p> <p>Балаларды қарындаш пен сорғышты қолданып, көгілдір түсті жалаушаны салуды үйрету; жалаудың мейрамдарда кеңінен қолданылатыны жайында баяндау, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы туралы түсініктерін бекіту. Ойын рефлексиясы. "Жалаушалармен ойнайық".</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b></p> <p>Түстерді ажыратуды үйрету.</p>
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p> <p>Қауіпсіздік. Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ексертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).</p> <p>Апайдың сөзін тыңдайық, Жамандықтан сақ болайық, Қауіпсіздік ережелерін</p>				

	Біліп жүріп орындайық. Бейтаныс жағдай болса - Жасырмай, айтайық. (Д.Ахметова)				
<b>Серуен</b>	<p><b>Қайыңды бақылау.</b>          (қоршаған әлеммен таныс тыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Күз мезгіліне байланысты сипаттамалық ерекшеліктер мен өзгерістерді көрсете отырып, қайыңмен таныстыруды жалғастыру; ағашты табиғаттың бір бөлігі ретінде құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>Қауіпсіздік. Табиғат объектілерін бақылауда қарапайым қауіпсіздік ережелері сақтауға ынталандыру.</p> <p>"Ақ қайың" С. Мәуленов Жапырағын күн сүйіп, Бұтағын жел тербеткен. Даласында (Волховтың) (өлке атауы), Дарқан өсіп ер жеткен.</p> <p><b>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (аумақты тазарту).</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b></p>	<p><b>Күзгі күн райын бақылау.</b> (қоршаған әлеммен таныс тыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Табиғаттағы күзгі маусымдық өзгерістерді, табиғат құбылыстарын, ауа-райының жағдайын анықтауға (суық, жылы, ыстық), белгілеуге үйрету</p> <p>Табиғаттың қалай өзгергеніне назар аудару; табиғи өзгерістерді салыстыруды үйрету.</p> <p>Қадыр Мырза Әлі, «Күз».</p> <p>Күз де келді, күз келді, Күдерін жаз үзген-ді.</p> <p>Күз де келді, күз келді, Көкте бұлттар жүзді енді.</p> <p>Күз де келді, күз келді, Құстар мекен іздеді.</p> <p>Күз де келді, күз келді, Қондырмады түзге елді.</p> <p>Күз де келді, күз келді, Керек оқу бізге енді.</p> <p>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек</p>	<p><b>Күнді бақылау.</b>          (қоршаған әлеммен таныс тыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Күз мезгіліндегі күн туралы мәлімет беру; күз мезгілінде киілетін киімдердің атауларын пысықтау; ұғымталдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау, күннің көзіне тура қарауға болматынын ескерту, зерттеуде пленка немесе көк шыныны қолдану.</p> <p>Күнді өлі табиғат түріне жатқызу, күннің жерге жылу, жарық беруін әңгімелеу.</p> <p><b>Жұмбақ жасыру.</b>          Ар жағында орманның, Ар жағында таулардың, Алтын кеспек домалар. (Күн.)          - Балалар, күн қайда орналасқан? (Күн аспанда орналасқан.)</p>	<p><b>Жыл құстарын бақылау.</b>          (қоршаған әлеммен таныс тыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Жыл құстары туралы білімдерін кеңейту; суық түскенде құстардың тіршілігі; құстарға сүйіспеншілікпен қамқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Көркем сөз.</b>          Қадыр Мырза Әли "Сауысқан".          Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан. Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қиқандатқан сауысқан.</p> <p><b>«Өнегелі тәрбие».</b>  <b>Еңбек тапсырмалары:</b> ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау.</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсыр</p>	<p><b>Торғайды бақылау.</b>          (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Торғай туралы түсініктерді жетілдіру; зеректікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Таспен атып торғайды Ұя бұзған оңбайды! Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды.</p> <p><b>"Мысық пен торғайлар" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> (дене тәрбиесі)</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Серуенде қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Ойын шарты бойынша белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдар</p>

<p>Бірлесіп жұмыс істеуге, қойылған мақсатқа жалпы күшпен жетуге үйрету.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары.</b> "Қайыңға қарай жүгір". (дене тәрбиесі)</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Серуенде қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты арттыру.</p> <p>Педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді жылдам орындауды үйрету.</p> <p><b>Жеке баламен жұмыс.</b> "Өзенді кесіп өт". (дене тәрбиесі)</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Бөрененің үстінен тіке және қасынан, тепетендікті сақтап, жүре білу қабілетін дамыту.</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»</p> <p>Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қарақұлақ». (дене тәрбиесі)</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіру</p>	<p>тапсырмалары (күзгі жапырақтарды жинау).</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Жұмыс істеуге құштарлықты тәрбиелеу.</p> <p><b>"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> (дене тәрбиесі)</p> <p><b>Мақсаттары:</b> балалардың қозғалыс ойындарына қызығушылығын арттыру, физикалық дағдыларын жетілдіру, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікте бағдарлауға ынталандыру, шапшаңдықты, қызығушылықты, күн мен түнді ажырата білу қабілетін қалыптастыру.</p> <p>Жапалақты жүргізуші ретінде таңдайды.</p> <p>Күн десе - балалар еркін қимылдап жүреді; түн десе - орындарында қозғалмай тұрады.</p> <p>Жапалақ балалардың арасынан қозғалып қалғандарды өз ұясына алып кетіп, ойын жалғасады. Ойын</p>	<p>- Күннің нелері бар? (Сәулелері бар.)</p> <p>- Күн қалай қыздырады? (Күн қатты қыздырады. Бүгін күн ыстық.)</p> <p>- Балалар, сендер күннің ыстық екенін қайдан білдіңдер? Өйткені біз күзгі киімдерді киіп жүрміз. Күндіз күн жоғарыда тұрғандықтан, күн ыстық болады. Ал таңертең және кешке күн салқын болады.</p> <p><b>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (учаскедегі қоқыстарды жинау).</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Бірлесіп жұмыс істеуге ұмтылысты тәрбиелеу.</p> <p>"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Серуенде қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты арттыру; қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікте бағдарлауға</p>	<p>маларды өздігінен орындауға, еңбек құрал-жабдықтарын орнына (қорапқа, қапқа) жинауға баулу; тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Қауіпсіздік.</b> Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау.</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»</p> <p>Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Көтермек». (дене тәрбиесі)</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дене күшін дамыту, аяқ-қол қимылдарының ептілігін дамыту.</p> <p>Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын тіреп тұрады. Белгі бойынша кім бір-бірін арқасына бірінші көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен</p>	<p>лауға баулу.</p> <p>Алғашында "мысық" рөлін педагог ойнайды, кейін балалар арасынан таңдалады. "Торғайлар" белгілі жерге жиналады немесе орындықтарға отырады, бұл жер "торғайлардың ұясы".</p> <p>Педагогтің "Торғайлар, ұшындар! Жемді шоқындар!" деген нұсқау-белгісі бойынша балалар жүгіріп келіп, топғайлардың қимылдарына еліктеп, "ұшып жүргенін, отырып жемді шоқығанын" көрсетіп ойнайды.</p> <p>Педагогтің "Абайландар, мысық ұстап алмасың!" деген белгісіне балалар бас тапқы орындарына, бір-біріне соғылмай жүгіреді.</p> <p>Балалардың белгілі орынға жүгіріп бара жатқанда оларды қолмен ақырын түртіп, "ұстап алуға" болады.</p> <p>Бұндай әрекетті "мысық" болған бала да жасай алады. Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін.</p> <p><b>Құралдар:</b> "мысыққа"- маска, "торғайларға"</p>
--	---	---	---	--

	<p>ге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; жылдамдығын, шапшаңдығын, ептілігін дамыту.</p>	<p>соңында мұқиятты жапалақтың және шыдамды балалардың қабілеттері мадақталады.</p> <p><b>Жеке баламен жұмыс.</b> "Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі)</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Серуенде қимылды ойын дарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Балалардың кегли арасымен баяу және ептілікпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.</p> <p><b>Құралдар:</b> кегльдер.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Мені қуып жет!".</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Дұрыс бағытта жүгіруді үйрету.</p>	<p>ынталандыру; шапшаңдыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Жеке баламен жұмыс.</b> "Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі)</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Серуенде қимылды ойын дарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу.</p> <p>Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырғанда секіріп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалардың тобы жеңіске жетеді.</p> <p><b>Құралдар:</b> спорттық құралдарды жинауға арналған себет, балаларға доптар.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Қызығушылықтары бой</p>	<p>бала ойында қала береді, басқа балалармен күш сынасады.</p> <p><b>Қауіпсіздік.</b> Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Допты бір-біріне төменнен лақтыру қабілетін бекіту.</p> <p><b>Жеке баламен жұмыс.</b> <b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Ит пен торғай". (дене тәрбиесі)</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Серуенде қимылды ойын дарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Құстарға тән қимыл-қозғалыстар туралы білімдерін бекіту; құстарға еліктеп дыбыстарын салуды үйрету.</p>	<p>таңбалауыштар.</p> <p><b>Жеке баламен жұмыс.</b> <b>"Кеглиді қағып ал" жаттығуы.</b> (дене тәрбиесі)</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.</p> <p><b>Еңбек тапсырмасы:</b> құмсалғыштың шетінен құмды ішке қарай сыпыру.</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.</p>
--	--	---	---	--	--

			ынша ойын таңдау мүмкін дігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.		
<b>Серуеннен оралу</b>	<p>Балаларға жүйелі түрде киініп-шешінуді, киімдерін шкафқа орналастыруды, қолдарын мұқият жууды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Жуунуға арналған жаттамақ жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Есте сақтау, қабылдау, елестету, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>Құралдар: сабын.</p> <p>Сабындаған кезінде</p> <p>Ашытады көзінді.</p> <p>Бола білсең төзімді,</p> <p>Тап-таза етер өзінді.</p> <p>Тазалықтың досы -</p> <p>Сабын деген осы.</p>				
<b>Түскі ас</b>	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.</p> <p>Екі қоян отырып,</p> <p>Сыр айтады жасырын.</p> <p>Сұр қасқырдың тәбетін,</p> <p>Берсе бізге асырып.</p> <p>Тәбетін біз қайтеміз,</p> <p>Тісін берсін қасқырдың.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі.(тіл дамыту және көркем әдебиет)	«Ұртоқпақ» ертегісін оқып беру.(тіл дамыту және көркем әдебиет)	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі.(тіл дамыту және көркем әдебиет)	«Кім мықты?» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату.(тіл дамыту	Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату. (музыка)

				және көркем әдебиет)	
<b>Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары</b>	Қайық жаттығуы (ішпен жату, қолдар иектің астында, жоғары тартылу, еңкею, тербелу). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене тәрбиесі, дербес әрекет)				
<b>Бесін ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b>	<p><b>"Көзіңді жұмып, қолың мен анықта"</b> дидактикалық ойыны. (математикалық негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын бекіту.</p> <p><b>"Жұбын тап"</b> ойыны. <b>Мақсаты:</b> балаларды заттарды ортақ қасиеттері бойынша топтастыру амалдарына бейімдеу; ойлау қабілетін дамыту.</p> <p><b>Құралдары:</b> әрқалай үстелде жатқан түрлі топтарға жататын заттардың суреттер. Суреттердің арасында жұптар бар. Мысалы: қасық пен шаңышқы, доп</p>	<p><b>"Қолымда не бар?"</b> дидактикалық ойыны. <b>Мақсат-міндеттері.</b> Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші, оң - сол жайлы білімдерін бекіту; түйсіну сезімдерін дамыту. (математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» (дене тәрбиесі) Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі)</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.</p>	<p><b>Сюжеттік-рөлді ойын. «Шаштараз».</b> <b>Мақсат-міндеттері.</b> Балаларды шаштараз ойынымен таныстыру, шаштарын үнемі тарақпен тарап, әдеміленіп жүруді үйрету. Шаш өрудің әртүрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)</p> <p>"Өз үйіңді тап" қимылды ойын.</p> <p>Ойыншылар 3-4 кішкентай, ұзыншақ келген аласа орындықтарда отырады. Барлық балаларда әдемі үлкен ойыншықтар: бірінші тұрған ұзыншақ орындықта қуыршақ, екіншісін</p>	<p><b>Сюжетті-рөлді ойын. «Балабақшаға хат келді».</b> (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру) <b>Мақсаты:</b> диалогтық сөйлеу қабілетін дамыту, бір затпен бірнеше әрекеттерді орындауға үйрету. <b>Материалдар:</b> жазу және аю</p> <p>Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға балабақшаға хат келгенін айтады. Бұл хатта Алан оған посылка жіберуді сұрайды. Біз жібереміз бе? Содан кейін оған қонақ үйлерді жинау керек. Балалардан Алан қандай қонақүйлерді жақсы көретінін анықтайды. Балалар Аланға арналған қонақ үй сөмкесін жинайды. Әрі</p>	<p><b>Сюжетті-рөлді ойын. «Дана қуыршағын тамақтандыру».</b> <b>Мақсаты:</b> балалардың ыдыс-аяқ туралы білімдерін бекіту, балалардың сөйлеуін белсендіру, тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелеу, қуыршаққа қамқорлық жасау. <b>Материал және жабдық:</b> Дана қуыршағы, ойын бұрышындағы ыдыс-аяқ жиынтығы. <b>Ойын барысы:</b> Ойын бұрышында өтеді. Тәрбиеші түскі ас кезінде қандай ыдыс-аяқ қолданылатынын көрсетеді және айтады (сорпаға арналған терең табақтар, екіншісіне таяз, қасық, шаңышқы, шыныаяқ және т.б., үстелге қалай қойылға</p>

	<p>пен пирамида, көйлек пен шалбар, шәйнек пен кесе, шкаф пен орындық, т.б. "Балабақшаға қонақ келді" сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру)</p> <p><b>Мақсат-міндеттер.</b> Балаларда көңілді, қуанышты көңіл күй қалыптастыру, балалардың қарым-қатынас құру дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Құрал-жабдықтар:</b> аспаз қуыршақ, көкөністер, ыдыс-аяқ.</p>	<p><b>Құралдар:</b> асықтар, шеңбер.</p> <p><b>Шарты.</b> Балалар көлденең тұрған нысанаға асықтарды 3 метр қашықтықтан лақтырады. Сөреден 3 метр жерде үлкен қазан тұрады (шеңбер). Әр топтың ойыншылары асықтарды белгі бойынша қазанға лақтырады. Қазанның ішіне көбірек асық түсірген топ жеңеді.</p> <p>Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.</p>	<p>де - ит, үшіншісінде - мысық, төртіншісінде - аю, қоян. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» деген нұсқауымен барлық балалар орындарынан тұрып тәрбиешінің соңынан жүреді. Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылын орындайды (секіреді, жүгіреді, жүреді). Тәрбиешінің «Жаңбыр жауа бастады» деген нұсқауымен балалар өз үйлеріне қарай жүгіреді</p> <p>Ойынды қайталау барысында тәрбиеші балаларға білдірмей ойыншықтардың орнын ауыстырып қояды. Балалар өз үйлерін жылдам табуы керек. (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)</p>	<p>қарай, тәрбиеші балаларды ойын әрекеттеріне итермелейді және ойын барысын бақылайды.</p> <p><b>"Көп және біреу" дидактикалық ойыны.</b></p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Көп және біреу қатынастарын білуді үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру. (танымдық дағдылар, математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру)</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақтамасы.</p> <p>"Жүргізуші" рөліне өзі қалаған бала шығады, қал</p>	<p>нын, түскі ас кезінде мінез-құлық ережелерін, ас құралдарын қалай пайдалану керектігін көрсетеді. Балаларға қуыршақты түскі аспен тамақтандыруды ұсынады. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру)</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» (дене тәрбиесі) Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Теңге ілу».</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.</p>
--	---	--	---	--	---

				ғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады. Педагог автобуста жүру ережелерімен алдын ала таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді.	
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p><b>Абдисаттар Айлин</b> <b>Алпысбай Дарын</b> <b>Артикуляциялық жаттығулар.</b> <b>Мақсат-міндеттері.</b> Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту. (тіл дамыту және көркем әдебиет) "Мен кімін? Бұл кім?" жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) <b>Мақсат-міндеттері.</b> "Мен" бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету; ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге</p>	<p><b>Мелдебек Ибрахим</b> <b>Бақыт Ханкерей</b> <b>"Туған елдің ұлымын"</b> тақпағын жаттау. <b>Мақсат-міндеттері.</b> Бала тілін жаттықтыру. Өртүрлі өлеңдер мен тақпақтарды айтқызу. Асқаржан Сәрсеков "Туған елдің ұлымын". Аспанымдай мөлдірмін, Жайлауымдай жазықпын, Өзенімдей өршілмін, Гүлдерімдей нәзікпін. Қуат алған өзінен, Туған елдің ұлымын. Бақытты етіп өсірген Отанымның гүлімін. (тіл дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p><b>Қуандық Жасын</b> <b>Таңатар Асылым</b> <b>"Үйдің есігін жабайық"</b> дидактикалық ойыны. <b>Мақсат-міндеттері.</b> Заттарды өлшемі бойынша салыстыруды, жуан және жіңішке заттарды ажыратуды жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. (танымдық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет) Көркем шығарманы мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) <b>Мақсат-міндеттері.</b> Өлеңді тыңдай білуге, мәнерлі үзінділерді қайталауға ынталандыру. Өтебай Тұрманжанов «Туған өлкем». Көгінде күн нұрын</p>	<p><b>Оразханұлы Алихан</b> <b>Өрік Нұрдаулет</b> <b>"Қаладағы жыл мезгілдері"</b> дидактикалық ойыны. <b>Мақсат-міндеттері.</b> Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде толық сөйлемдермен сөйлеу қабілетін дамыту; бақылау, көрнекі зейін, есте сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына қызығушылықты тәрбиелеу. Барысы: лото түріндегі ойында бала белгілі бір маусым бар суретті алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме</p>	<p><b>Бақытжан Зере</b> <b>Қайратқызы Зере</b> <b>"Күз"</b> тақпағын жаттау. <b>Мақсат-міндеттері.</b> Бала тілін жаттықтыру. Өртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. Мұқатай Жылқыайдарұлы "Күз". Алма, өрікті қамбаларға Толтырды әкеп алтын күз. Шәкірт болып парталарға Отырды кеп алтын күз. Бұлт болып та Алатауға Байланыпты алтын күз. Дастарқанда таба нанға Айналыпты алтын күз. (тіл дамыту және көркем әдебиет)</p>

	<p>ынталандыру. Балаға өзі бала деп айтқызу. Атын, жасын айтқызу. Ойыншығын көрсеткізу, атату. Жанындағы баланың атын, онымен ойнайтын айтқызу.</p>		<p>төккен, Жерінде гүл жұпар сепкен. Неткен сұлу, неткен көркем! Осы менің туған өлкем! Алтын дәнді даласы бар, Ақ күмістей қаласы бар. Неткен сұлу, неткен көркем! Осы менің туған өлкем!</p>	<p>құрастыруды ұсына отырып, тапсырманы қиындата алады. (тіл дамыту және көркем әдебиет)</p>	
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
<b>Серуен</b>	<p><b>Аула құстарын бақылау.</b> (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) <b>Мақсат-міндеттер.</b> Қазақстанды мекендейтін, аулаға ұшып келетін құстар туралы түсініктерін қалыптастыру, Табиғат та, табиғат объектілерін бақылауды қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауға ынталандыру. Торғай, торғай тоқылдақ, Жерден тары шоқып-ап Бөтегесі томпыып Шиқ-шиқ етіп отырар.</p>	<p><b>Ағаштар мен бұталарды бақылау.</b> (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) <b>Мақсат-міндеттері.</b> Ағаштар мен бұталардың тірі табиғат екені туралы білімдерін бекіту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Ағаштар қыста қалай қыстап шыққанын тексеру. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды. - Балалар, ағаштарға қарап, қандай екенін айтуға болады?</p>	<p><b>Күнді бақылауды жалғастыру.</b> (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) <b>Мақсат-міндеттері.</b> Серуендеуге, күнге қызығушылықты ынталандыру. Қауіпсіздік. Күнді бақылауда көзіне қарамауды ескерту, пленканы қолдануды ұсыну. Күннің кешке қарай көкжиекке түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру. Күнмен ойнама, Көзіне тура қарама,</p>	<p><b>Күн райының жағдайын бақылау.</b> (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) <b>Мақсат-міндеттері.</b> Табиғи құбылыстың бірі - тұман туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыстарды бақылауды үйрету; осы құбылыстың ерекшеліктерін байқау, қорытынды жасау. Ауа райын байқайық, Аспанға, ағашқа қарайық. Бұлтты аспан, Ашық па, Жел есе(ді) ме,</p>	<p><b>Жүк көлігін бақылау.</b> (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет) <b>Мақсат-міндеттер:</b> балалардың жүк көлігі туралы түсініктерін қалыптастыру, оның қызметі мен сыртқы ерекшеліктерімен таныстыру; ересектердің еңбегіне қызығушылықты арттыру. Бақылауда қауіпсіздік ережелерін бекіту. Гүрілдеп жүремін мен, Бақтан алма әкелем. Қанекей, қақпаны ашыңдар, Аула жолынан қашыңдар.</p>

	<p>Торғай-торғай тоқтаған, Торғайды торғай мақтаған. «Түрлі түсті көліктер» қимыл-қозғалыс ойыны (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды бағдаршамның үш түсінің біріне берілген белгіге жылдам әрекет етуге үйрету, қозғалысты ережеге сай орындау дағ дысын қалыптастыру; белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрле рін өзгерте отырып, ойын дарға күрделі ережелерді енгізу. кеңістікте бағдар лау мен ойын дағдыларын дамыту. Балаларға бағдаршамның үш түсіне сәйкес келетін медальондар мен рульдер ді таңдап алу ұсынылады. Олар «көлік» рөлін атқа рып, алаңның шетіне қатар тұрады. Жетекші алаңның қарсы шетінде тұрады, қолында бағдаршамның үш түсін дегі карточкалар болады.</p>	<p>- Тағы қандай өзгерістер болады? - Ағаштар ауаның ластанудан тазалайды. Адамдар ағаштарды көп отырғызады. Баянғали Әлімжанов Жұпар шашып, Жұртқа құшақ айқарған, Жасыл орман Түгін тартсаң бал тамған, Бір ағашқа Ұқсамайды бір ағаш, Жапырағы</p>	<p>Күн - мың оттай шам кәдімгі, Жарығымен аямады ешкімді, Күні бойы сөнбейді, Түнде тау артына Тығылып, көрінбейді. (Д. Ахметова) <b>"Күн мен жаңбыр"</b> <b>қимыл-қозғалыс ойыны.</b> (дене тәрбиесі) <b>Мақсат-міндеттері.</b> Серуенде қимылды ойын дарға қатысуға</p>	<p>Соға(ды) ма, Күн жылы ма, Суық па. Ауа райын байқайық, Не киеміз, қарайық. (Д. Ахметова) <b>Қимылды ойын.</b> «Мені қуып жетіндер» (дене тәрбиесі) <b>Міндеттер:</b> балаларды қара пайым ережелерді сақтауға, жүгіруде қимылдарды үйлестіруге, кеңістікте бағ дарлауға</p>	<p>Төгілген аулаға Алманы да, картопты да, Еңбек жемісін қадірлеп, Жинайық біз қоймаға. (Д. Ахметова) Балаларға көлік қозғалысын бақылауды ұсынады. Машинаның өздігінен жүрмейтінін, оны жүргізу ші басқаратынын түсіндіре ді. Машинада кузов, кабина, дөңгелек, рөл болатынын айтады. Бұл – үлкен, жүк таситын көлік. Ол жүк тасиды, жолмен жүреді, дыбыс шығара алады. <b>«Түрлі түсті көліктер»</b> <b>қимыл-қозғалыс ойыны</b> (дене тәрбиесі) <b>Мақсат-міндеттері.</b> Балаларды бағдаршамның үш түсінің біріне берілген белгіге жылдам әрекет етуге үйрету, қозғалысты ережеге сай орындау дағдысын қалыптастыру; белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі</p>
--	--	---	---	--	---

	<p>Бағдаршам тәртібіне сай, жетекші кезекпен жасыл, сары, қызыл карточкаларды көрсетеді (көліктердің қозғалысына сәйкес есеппен).</p> <p>Жасыл түсте – балалар («көліктер») алаңға жүгіріп шығып, еркін қозғалады, бір-біріне соғылмауға тырысады.</p> <p>Сары түсте – қозғалысты бәсеңдетіп, баяу жүреді, тынысты реттейді (немесе келісім бойынша «гараждарға» бұрылады).</p> <p>Қызыл түсте – тоқтайды (немесе келісім бойынша «гаражға» кіреді).</p> <p><b>«Өнегелі тәрбие».</b></p> <p><b>Еңбек тапсырмалары:</b> ойындардан кейін ойыншықтарды жинау.</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға ынталандыру; тиянақтылыққа, тазалыққа</p>	<p>Жер жаһанда жайқалған. «Ұшақтар» қимыл-қозғалыс ойыны (дене тәрбиесі)</p> <p><b>Мақсат-міндеттері:</b> Балалардың кеңістікте бағдарлауын, белгі бойынша қозғалу, шашырап жүгіру, бір-біріне соғылмау, жүгіруді баяулату, тоқтау және ережеге бағыну дағдыларын дамыту; ұшақтар туралы түсініктерін кеңейту, жағымды эмоциялар туғызу.</p> <p>Қажетті құрал-жабдықтар: Ұшақ бейнесіндегі медальондар.</p> <p><b>«Өнегелі тәрбие».</b></p> <p><b>Еңбек тапсырмалары:</b> ойындардан кейін ойыншықтарды жинау.</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға ынталандыру; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Қауіпсіздік.</b></p>	<p>қызығушылықты арттыру. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; (вестибуляр) тепе-теңдік аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Шарты: балалар "күн" дегенде барлығы қыдыруға шығады. Ал "жаңбыр" дегенде қолшатырдың айналасына жиналады. "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі)</p> <p><b>Мақсат-міндеттер:</b> балаларда нысанаға дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.</p> <p><b>«Өнегелі тәрбие».</b></p> <p><b>Еңбек тапсырмалары:</b> ойындардан кейін ойыншықтарды жинау.</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындау</p>	<p>ынталандыру; жылдамдыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Қауіпсіздік.</b> Балалардың жүгірген кезде қауіпсіздік ережелерін қадағалау.</p> <p><b>«Өнегелі тәрбие».</b></p> <p><b>Еңбек тапсырмалары:</b> ойындардан кейін ойыншықтарды жинау.</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға ынталандыру; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Қауіпсіздік.</b> Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау: ойыншықтарды, қолды ауызға салмау.</p>	<p>ережелерді енгізу. Кеңістікте бағдарлау мен ойындағдыларын дамыту.</p> <p><b>«Өнегелі тәрбие».</b></p> <p><b>Еңбек тапсырмалары:</b> ойындардан кейін ойыншықтарды жинау.</p> <p><b>Мақсат-міндеттері.</b> Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға ынталандыру; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Қауіпсіздік.</b> Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау: ойыншықтарды, қолды ауызға салмау.</p>
--	---	--	--	---	---

	<p>тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Тапсырмаларды орындау да қауіпсіздік ережелерін қадағалау: ойыншықтарды, қолды ауызға салмау.</p>	<p>Тапсырмаларды орындау да қауіпсіздік ережелерін қадағалау: ойыншықтарды, қолды ауызға салмау.</p>	<p>ға; ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға ынталандыру; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. <b>Қауіпсіздік.</b> Тапсырмаларды орындау да қауіпсіздік ережелерін қадағалау: ойыншықтарды, қолды ауызға салмау.</p>		
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
<p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b></p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (кұрастыру) Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.</p>				

<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	<b>Жаднама:</b> "Балаға қандай ойыншық тар сатып алуға болады?"	"Немерелерді тәрбиелеуге арналған бірнеше кеңестер" қабырға газеті.	"Баланың қимыл белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу.	<b>Әңгіме жүргізу:</b> "Бала танымын дамытудың маңыздылығы".	<b>Ата-аналарға кеңес.</b> "Демалысты пайдалы өткізу".
-------------------------------	--	---	---	--	---

Тексерілді: *Асағаш*.

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым «Ақбота бөбекжай-бақшасы»

То «Айналайын » ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 29.09 - 03.10.2025ж.

Педагогтің аты-жөні :Шалыбекова Г Балабекова Б

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i> 29.09.2025ж	<i>Сейсенбі</i> 30.09.2025ж	<i>Сәрсенбі</i> 01.10.2025ж	<i>Бейсенбі</i> 02.10.2025ж	<i>Жұма</i> 03.10.2025ж
<b>Барымыз да, бағымыз да – Тәуелсіздік Қасым-Жомарт Тоқаев</b>					
<b>Балаларды қабылдау</b>	<p><b>Таңғы сүзгі:</b> балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.</p> <p><b>Сәлемдесу</b> Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)</p>	<p><b>Таңғы сүзгі:</b> балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.</p> <p><b>Сәлемдесу</b> «Достық» шеңбері. Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Табиғатты қорғаймыз. (тіл дамыту және көркем</p>	<p><b>Таңғы сүзгі:</b> балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.</p> <p><b>Сәлемдесу</b> Армысың, Әлем! Армысың, Жарық күн! Армысың, абзал Адам! Армысың, менің досым! (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)</p>	<p><b>Таңғы сүзгі:</b> балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.</p> <p><b>Сәлемдесу</b> «Амансың ба, Алтын күн!» Амансың ба, Алтын күн! Амансың ба, Жер - Ана! Амансың ба, достарым! Сендерді көрсем қуанам! (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)</p>	<p><b>Таңғы сүзгі:</b> балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.</p> <p><b>«Күй күмбірі»</b> Күймен балаларды қарсы алу.</p>

		әдебиет, қазақ тілі)			
<b>Ата-аналар мен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру</b>	<b>Жаднама:</b> "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?"	"Немерелерді тәрбиелеуге арналған бірнеше кеңестер" қабырға газеті.	"Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу.	<b>Әңгіме жүргізу:</b> "Бала танымын дамытудың маңыздылығы".	<b>Ата-аналарға кеңес.</b> "Демалысты пайдалы өткізу"
<b>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)</b>	<b>«Өнегелі тәрбие»</b> <b>Еңбек:</b> Балаларға қуыршақ киімдері мен төсек жабдықтарын жуу кезінде педагогке көмектесуді үйрету; балаларды жұмысқа кірісу алдында жұмыс алжапқыштарын киюді үйрету; жууға және кептіруге қажетті керек-жарақтарды, сондай-ақ жұмыс орнын дайындау, сабынды қол дана білу іскерліктерін дамыту. <b>«Менің Қазақстаным»</b> Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. <b>Мақсат-міндеттер.</b> Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастыра	<b>«Өнегелі тәрбие»</b> <b>Еңбек:</b> Балаларды тарақтарды тазарту жұмыстарында педагогке көмектесуді үйрету: суланған тарақтарды шаю, оларды щеткалармен тазалау. Кітаптарға қызығушылықты ояту. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. <b>Құрастырудан ойын-жаттығу.</b> <b>"Сары жапырақтар жерге түсті".</b> <b>Мақсат-міндеттері.</b> Балаларды құрастыруға икемді қағазды жұмарлау, бүктемелеу, жыртып алу амалдарымен, қасиеттерімен таныстыру;	<b>«Өнегелі тәрбие»</b> <b>Еңбек тапсырмалары:</b> «Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде тәртіп орнатайық». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу) Заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу; әр заттың өз орнын есте сақтап, қайта орнына қоюға үйрету; өзгеге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қадыр Мырза Әлі « <b>Күз</b> ». Күз де келді, күз келді, Күдерін жаз үзген-ді. Күз де келді, күз келді, Көкте бұлттар жүзді енді.	<b>«Өнегелі тәрбие».</b> <b>Қауіпсіздік. Еңбек тапсырмалары:</b> «Аквариум балықтарын қоректендіру». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу) Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру; қарапайым тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегімен) орындауға баулу; қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балалардың балықтарға қорек өнімдеріне аллергиясын анықтау, қауіпсіздікті сақтануды қамтамасыз ету. "Күз" мезгіліне байланысты сюжетті суреттер көрсету.	<b>Ұлттық сезім күні</b> <b>«Өнегелі тәрбие»</b> <b>Еңбек:</b> Балаларды топ бөлмесіндегі реттілікті сақтауды үйрету: үстел, орындықтардың, сөрелердің шаңын сүрту. Ойнап болған соң ойыншықтарын орын-орнына жинауға тәрбиелеу. <b>"Жапырағына қарай ажырат" дидактикалық ойыны.</b> <b>Мақсат-міндеттері.</b> Ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру; сөздік қорын толықтыру, есту, қабылдау қабілетін дамыту. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған әлеммен

